




*Математика пәні мұғалімі:
Дұқпанова Гауһар Абатқызы*

***Жаратылыстану –
математика пәндерін
оқытуда жеке
тұлғаға
бағытталған
бағдарды
жүзеге асыру***



Баяндаманың эпитрафы





Жоспары:

I.Кіріспе

II.Негізгі бөлім

1.Жеке тұлға

2.Жеке тұлғаға бағытталған сабақ

3.Оқушылардың білімін бақылаудың әр түрлі формаларын пайдалану

1.Ауызша бақылау жұмыстарын жүргізу


2.Математикалық диктант

3.Тест

4.Жазбаша бақылау жұмыстарын жүргізу

III.Қорытынды

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев «Білім және ғылым» қызметкерлерінің съезінде сөйлеген сөзінде: «Бізге тыным таппайтын аралардан гөрі, өзінше ойлай білетін мамандар көбірек керек. Бұл үшін өмір бойына жететін білім алу моделіне көшуге тиіспіз», деген болатын. Білім беру жүйесінде әлемдік деңгейге жету үшін жасалынып жатқан талпыныстар оқытудың әр түрлі әдіс – тәсілдерін қолдана отырып, терең, білімді, іздепаз, барлық іс – әрекеттерінде шығармашылық бағыт ұсынып, сол тұрғыда өз болмысын таныта алатын жеке тұлға тәрбиелеу ісіне ерекше мән берілуде. Демек, мектептегі оқу үрдісі оқушылардың танымдылық белсенділігін арттырып, шығармашылық әрекетінің дамуына жол ашуы қажет. Қазіргі жаңа оқыту технологияларының алдына қойған мақсаты бірінші орынға баланың білімін, білігі мен дағдысын емес, оның жеке тұлғасын білім арқылы дамыту.



Өз бетінше ойлау
біліктері мен
іздемаздығы

Берілген білімді игеру ғана
емес,оны жаңалап және
тиімді игеру жолдарын
түсіне білу ниеті


Оқуға
деген
қабілетінің
артуы

Жеке тұлға - бұл адамның
психологиялық, рухани мәні, ол әр
түрлі жинақталған қасиеттер
жүйесіне тән. Жеке тұлғаның
өзіндік әрекетінің нәтижесінде
оның бойында мынандай
қасиеттер қалыптасады:




Өз ойының
дербестігі


Басқа оқушылардың
түсіндірмелеріне сын
көзбен қарау




Жеке тұлғанаң өз бетінше
кітаппен жұмыс істеу, жаттығу,
бақылау, эксперимент жүзінде
іскерлігі мен дағдысын
қалыптастыру



Жеке тұлғаға бағытталған сабақ дегеніміз - бұл мұғалімнің оқушының тұлғалық орта қалыптастыруы ғана емес, оқушылардың субъект ретіндегі өмірлік тәжірибиесін үнемі назарда ұстауы, сол тәжірибиеге сүйенуі. Ең маңыздысы – әр оқушының ерекше болмасын, тұлғалақ қасиеттерін мойындау. Жеке тұлғаға бағытталған сабақ дегеніміз – оқушыға деген құрмет, ізгі қатынас, оқушылардың тұлғалық ерекшеліктері ашылады, қасиеттері қалыптасатын, мүмкіндіктері жүзеге асырылатын оқыту алаңы. Мұғалім оқушының пәнге деген қызығушылығын туғызуда басты рол атқарады. Біріншіден, оқушының мүддесіне сай жеке тұлғалық, өзіндік қызыметін қалыптастырады, бұл істің келешектегі мәнін түсіндіріп береді. Сонымен бірге мұғалім жаңа мәселелерді шешетін қызмет мәнін жаңартып оқушы тұлғасының білімінің артуына септігін тигізеді. Әр сабақ тиімді өту үшін, сабаққа дайындалу барысында әр сынып оқушыларының ерекшеліктерін есепке алу қажет. Әр сабақты жақсы өткізу үшін мүмкіндік беретін ережелерді есте сақтап, оның орындалуын қадағалап отыру керек. Бұл ережелер:

- 
1. Сабақтың тақырыптағы орнын анықтау , сабақтың жалпы міндетін бөлу.
 2. Сабақ тақырыбына қатысты үш түрлі, ғылыми, ғылыми – көпшілік, әдістемелік кітаптарды тандап алу , олардың мазмұнымен танысу.
 3. Оқу бағдарламасын қабылдау, түсіндірме хатты қайта оқып , берілген тақырып бойынша стандарт талаптарын анықтау.
 4. Оқулық материалын еске түсіру , тірек білім , білік , дағдыны бөліп алу.
 5. Сабақ міндеттерін нақтылау , басты міндеттерді бөліп алу , оны оқушыларға түсінікті , олар қабылдай алатындай етіп тұжырымдап жоспарға жазу.
 6. Сабақта оқушы нені түсіну керек , нені есте сақтау керек , нені біліп , сабақтан нені үйренуі керектігін анықтау.
 7. Оқушыларға оқу материалын қандай көлемде , қандай мөлшерде баяндау керек , жетекші идеяларды дәлелдейтін қандай қызықты деректерді келтіруге болатынын анықтау.
 8. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай жеке бастарының психологиясын жете біліп , әр оқушының жүрегіне жол таба білу.
 9. Әр сабақты өз дәрежесіне жеткізу.



Ауызша
бақылау
жұмыстарын
жүргізу

Математикалық
диктант

Оқушылардың білімін бақылаудың әр түрлі формаларын пайдалану үлгермеушіліктің алдын алу, әр оқушының, жеке белсенді жұмыс жасауын қамтамасыз етеді. Әр оқушының білімін жеке бақылауда мынандай жұмыстар атқарамын

Тест



Жазбаша
бақылау
жұмыстарын
жүргізу

1. Ауызша бақылау жұмыстарын жүргізу – бұл оқушылардың оқу қабілетін, зейінін, жеделдетіп есептеу білігін дамытуға ықпал етеді. Ауызша жұмыс жүргізудің көбінесе мынандай түрің қолданамын: 4-5 оқушыны тақтаға шығарамын да оларға тапсырма беремін. Дайындап отырған кейін әр оқушы жеке – жеке өз сұрақтарына жауап береді, ал басқа оқушылар осы жұмыс процесіне қатысады, жауаптарын өз мүмкіндіктерінше толықтырып отырады. Осындай жұмыс барысында көптеген оқушылардың білімі тексеріліп, бағаланады. Мысалы, «Пропорцияның негізгі қасиеті» тақрыбы бойынша ауызша бақылау сұрақтар.

а. Пропорцияның негізгі қасиеттерін тұжырымдаңдар. Мысал келтіріңдер.

ә. $15 : 7 = 18 : 6$ теңдігі пропорция бола ма?

б. 5,2 ; 4 ; 2 ; 2,6 сандарынан пропорцияны құрастыр.

в. $0,35 : x = 0,7 : 1,2$ теңдеуін шеш.

г. Теңдеуді шешуде қандай қасиетті пайдалануға болады.



2. Математикалық диктант – қайталауға берілген тақырып бойынша сұрақтар, бұнда ережелерді, формулаларды, алгоритімдерді, кәсеттерді, яғни теориялық білімді қаншалықты меңгергенін және оларды пайдалану білігі мен дағдысын тексеруге болады. Диктантқа еңгізілетін сұрақ, тапсырмалар қысқа және анық болу керек. Мысалы: 5-«Бөлшектердің негізгі қасиеті. Бөлшектерді қысқарту» тақырыбына арналған сұрақтар.


1. Сөйлемді толықтырыңдар: Егер бөлшектің алымымен бөлімін ... , онда оған тең бөлшек шығады.

2. $10/20$ бөлшегінің алымы мен бөлімін 10 ға бөліп одан шығатын теңдікті жазыңдар.


3. $2/3$ бөлшегінің алымы мен бөлімін беске көбейтіп, одан шыққан бөлшекті жазыңдар.

4. $1/2$ бөлшегінің бөлімін 4, ал $5/6$ бөлшегінің бөлімін 30-ге анына келтіріңдер.


5. Екі қысқарылмайтын дұрыс бөлшек жазыңдар.




белгілі бір
кезенде
оқушының
дайындығының
сапасын
диагностикалауға
мүмкіндік
береді.



Білімді анықтауға
берілген
тапсырмалар



Білімді қолдануға
берілген
тапсырмалар




4. Жазбаша бақылау жұмыстарын жүргізу оқушылардың математикадан білім, білік, дағдысын ағымды және қорытындылап тексеру үшін аса маңызды.

Математика сабағында қызықты, ойын есептер шығаруға көп көңіл бөлемін. Қызықты есептер оқу материялының меңгерілуін және ойлау процесінің тиімділігін анықтайды. Мұндай есептер оқушының ойлау операцияларын дамытуға, математикалық түсініктерін қалыптастыруға жағдай жасайды. Қызықты есептер шығару көбінесе байқап көріп іздену процесімен жүреді. Ойша болжай білу әр жеке тұлғаның бойындағы тапқырлық пен аңғарымпаздықты байқатады. Тапқырлық – шығармашылықтың ерекше көрінісі, оны талдау, салыстыру, байланыстарды анықтау, тұжырымдау, ой қорту нәтижесінде байқауға болады.



Корыта келгенде осы жаңа технологиядан жеткен жетістігіміз оқушылар өздігінен білім алуға, шығармашылық жұмыс істеу қабілетін дамытуға бағыт ала — алады. Сөздің қорларын молайтуға ойын, сөзін тиянақты жеткізуге, жинақы, дұрыс сөйлеуге, берілген сұрақтарға нақты, толық жауап беруге дағдыланады. Мұғалім сабаққа дейін жұмыс жасаса, ал сабақ кезінде оқушыларға тек бағыт- бағдар беруші ғана бола алады.

Жаңа технологияның тиімділігі осында деп түсінемін. Бүгінгі қоғамға, мектепке керегі де осылар деп ойлаймын.



Жарайсың!
Жарайсың!

